



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ – IQAA**


**МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ҮШІН
ЕСЕБІ**

**6B01710-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
7M02310- ФИЛОЛОГИЯ**

БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АКРЕДИТТЕУ

Астана қ. - 2024 жыл

САРАПТАМАЛЫҚ ТОП

	<p>Топ жетекшісі: Минайдарова Мария Естаевна, Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, М. Х. Дулати атындағы Тараз аймақтық университеті, Тараз қаласы.</p>
	<p>Халықаралық сарапшы: Степанова Дарья Валерьевна, Оқу-әдістемелік басқарма бастығы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Минск мемлекеттік лингвистикалық университеті, Минск қаласы (Беларусь)</p>
	<p>Ұлттық сарапшы: Касенов Сакен Токанович, Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қаласы.</p>
	<p>Ұлттық сарапшы: Есказинова Жанар Амантаевна, Шет тілін даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD докторы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы.</p>
	<p>Ұлттық сарапшы: Байгожина Дана Онирбековна, Журналистика және саясаттану факультеті деканының орынбасары, қауымдастырылған профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы.</p>
	<p>Жұмыс берушілер өкілі: Керімбеков Мұхтар Әпенұлы, Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша "Өрлеу" біліктілікті арттыру институты, кәсіптік даму институты, білім бөлімінің меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, Шымкент қаласы.</p>
	<p>Студенттер өкілі: Жүсіп Мадина Жақсыбекқызы, "Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау" білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Ө. Жәнібекова атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қаласы.</p>

IQAA КООРДИНАТОРЫ:

Шүрен Жазира Бақытбекқызы, Жоғары оқу орындары мен ҒЗИ аккредиттеу департаменті, Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA), Астана қаласы

Сараптамалық топтың есебі БСҚТА зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілікке әкеп соғады.

**6B01710-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘР
СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБНІҢ НАҚТЫ
ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

Стандарттар	Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Жартылай сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау		+		
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы	+			
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Қоғамды ақпараттандыру	+			

7M02310-ФИЛОЛОГИЯ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБНІҢ НАҚТЫ ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

Стандарттар	Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Жартылай сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы	+			
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Қоғамды ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ**1-ТАРАУ. САПАР МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ**

Кіріспе	6
Университеттің негізгі сипаттамалары.....	7

2-ТАРАУ. САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЕСЕБІ

Стандарт 1	
Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапа қамтамасыз ету саласындағы саясаты	9
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	13
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау.....	16
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	20
Стандарт 5	
Профессор-оқытушылар құрамы	23
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау.....	26
<i>Стандарт 7</i>	
Қоғамды ақпараттандыру.....	28

3-ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ	30
ҚОСЫМШАЛАР	
<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы сапар бағдарламасы	32
<i>Қосымша 2</i>	
Барлық сұхбатқа қатысушылардың тізімі.....	35
<i>Қосымша 3</i>	
Университетте қосымша қаралған құжаттар тізімі	39

1 - ТАРАУ

САПАР МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе

2024 жылдың 15-16 мамырында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде бағдарламаны аккредиттеу рәсімі шеңберінде сарапшылық топтың сыртқы сапары өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және университетпен келісілген мамандандырылған аккредиттеу бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Комиссия жұмысына қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, бағдарламаларды аккредиттеу аясындағы өзін-өзі бағалау есебі (*қосымшаларымен*), әңгімелесуге қатысушылардың тізімі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, әдеп кодексі сараптамалық топ мүшелеріне білім беру ұйымындағы жұмысты бастамас бұрын беріліп, сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жағдай туғызылды.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің өзін-өзі бағалау есебі бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті көлемін қамтиды.

Сыртқы сарапшылық топтың сапары бағдарламаға сәйкес визуалды тексеру оффлайн режимінде жүргізілді. Бұл сараптамалық топ мүшелеріне университеттің оқу, тәрбие және ғылыми процестерінің ұйымдастырылуын, материалдық-техникалық базасын, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау және көз жеткізу, аккредиттелетін білім беру бағдарламасы жайлы жалпы түсінік алуға мүмкіндік берді. ПОҚ, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Сарапшылар құрылымдық бөлімшелер: тіркеуші кеңсесі, ХҚО, ақпараттық технологиялар бөлімі, Мансаптық өсу және жұмыс берушілермен байланыс орталығы, кітапхана, мұражай, комплаенс-қызметі орталығы, «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығында, «Абайтану» ғылыми орталығында, «Түркітану» ғылыми орталығында, Инклюзивтік білім беру орталығында зерттеу жүргізді.

Сыртқы аудит жүргізу барысында сарапшылар құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық құралдармен қамтамасыз етумен, университет веб-сайтымен, оның навигациясы және мазмұнымен, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және т.б. электрондық ресурстарда өкілдік етуімен көбірек танысу мақсатында университет пен кафедралардың нормативтік құжаттамаларымен қарап танысты.

Жоспарланған сыртқы сапар шаралары университет құрылымымен, оның қызметімен егжей-тегжейлі танысуға септігін тигізді және сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары:

«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ (*бұдан әрі - ОҚУ*) - Қазақстан Республикасының ең ірі көпсалалы университеті, өңірдің ғылыми-білім беру, зияткерлік, мәдени орталығы болып 1943 жылы Құрылыс материалдарының технологиялық институты ретінде құрылған. 2023 жылдың қараша айында ОҚУ зерттеу университеті мәртебесін алды.

Қазіргі уақытта университет құрамында 5 жоғары мектеп, 8 факультет, білім берудің инновациялық технологиялар институты және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығы (Foundation), әскери кафедра, 66 кафедра, 2 ҒЗИ және 17 ғылыми-зерттеу зертханасы және 6 ғылыми орталық бар.

Оқу процесін ұйымдастыру үшін университеттің қарамағында 17 оқу ғимараты (*оның ішінде 3 спорт кешені*), 6 студенттер үйі, 1 қала сыртындағы оқу-жаттығу орталығы бар.

2023 жылы ОҚУ білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттікте (*ары қарай ББСҚТА*) 7 жылға институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті. Университеттің 207 білім беру бағдарламасының ББСҚТА және инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика салалары бойынша БББ аккредиттеу агентігінің (ASIIN) аккредиттеу туралы куәліктері бар.

Білім беру, құқықтану, экономика, жаратылыстану, гуманитарлық, аграрлық ғылымдар, техника, технология, өнер, мәдениет және қызмет көрсету салалары бойынша кадрлар даярлау 23.07.2020 жылғы № kz091aa00018469 мемлекеттік лицензиясына сәйкес бакалавриаттың 154 БББ, магистратураның 109 БББ және докторантураның 29 БББ бойынша жүзеге асырылады.

Университетте 1749 оқытушы жұмыс істейді, олардың ЖОО бойынша жалпы ғылыми дәрежесі - 53%. Білім алушылардың жалпы контингенті 24447 адам, оның ішінде бакалавриат бойынша - 22731, магистратура бойынша - 1531, докторантура бойынша - 185. 2023 жылы бітіруші түлектердің саны 10246 адамды құрады.

М. Әуезова атындағы ОҚУ ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары ҚР Үкіметі айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттары, сондай-ақ Түркістан облысының қажеттіліктері бойынша ЖОО-ның көпсалалы өңірлік университет ретіндегі әлеуетіне сәйкес анықталған.

2023 жылы жас ғалымдар мен "Жас ғалым" үшін 58 бағдарламалық-нысаналы, гранттық, сондай-ақ химиялық технология, биотехнология, құрылыс материалдары мен конструкциялары, тамақ өнімдерін өндіру, нанотехнология және аграрлық бағыттар бойынша 1 255 196 731 теңге көлемінде халықаралық және шаруашылық келісімшарттық жобалар орындалды.

Ғылымды интернационалдандыру мақсатында 37 шетелдік ғалым (Германия, Хорватия, Түркия, Румыния, Швеция, Жапония, Австралия, Болгария, АҚШ, Греция, Польша, Малайзия, Үндістан, Ресей, Грузия, Армения, Украина, Өзбекстан) ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындауға тартылған.

Университетте 15 білім беру бағдарламасы бойынша 10 Диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда университет алыс және жақын шетелдердің 35 елінен: ТМД, Еуропа, Шығыс және Батыс Азия елдерінен 237 жоғары оқу орындарымен, ұйымдармен және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық туралы бірлескен шарттар мен меморандумдар жасаған. Университеттің стратегиялық серіктестері - жақын және алыс шетелдердің 30 жоғары оқу орны.

Университет ғалымдары Эразмус + бағдарламасы бойынша 6 халықаралық білім беру жобасын орындауда.

Университет Академиялық адалдық лигасына кіреді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары стандарттарға ұмтылады.

Университет мекенжайы:

160012, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5
Тел.: 8(725-2) 21-01-41
E-mail: canselyarya@mail.ru

2 - ТАРАУ

1-СТАНДАРТ. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ»

Дәлел мен талдау:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің сапаны қамтамасыз ету саясаты мен академиялық адалдық ұстанымдары 2025 жылға дейін арналған Стратегиялық даму жоспарына (24.12.20 ж. Директорлар кеңесінің шешімен бекітілген), университеттің Академиялық саясатына және басқа да ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес реттелген. Ол құжаттар өз кезегінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан -2050» стратегиясынан бастап, жиыны он төрт құжатты басшылыққа алып жасалған. Сапа саласындағы саясат университеттің стратегиялық жоспарында айқындалған миссиясына, стратегиялық талдау нәтижелері мен даму бағыттарына сай («Сапаны қамтамасыз ету бойынша басшылық», 01 нұсқа). ЖОО-ның сапа саласындағы саясаты барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді. Университет сайтында орналастырылған (auezov.edu.kz).

Оқу орнының әр факультетінде, жоғары мектептерде үздіксіз сапаны қамтамасыз ету жөніндегі академиялық комитеттер жұмыс істейді (Басқарма төрағасы-ректордың 18.09.2023 №177-нқ бұйырығы). Бұл комитеттер факультеттерде, жоғары мектептерде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыруды, іске асыруды және бағалауды қадағалайтын алқалы органдар болып табылады. Факультеттегі, жоғары мектептердегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитеттердің жұмыс бағыттары мен міндеттері «Академиялық сапа жөніндегі комитет туралы ережеде» келтірілген (СМЖ Т 8.18-2023). Оның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және университеттің басқа да академиялық қызметкерлері (департамент директорлары, орталық жетекшілері, бөлім бастықтары т.б.) кіреді. Университет басшылығы жүйелі түрде сапа бойынша өткізілген ішкі тексерулердің, алынған сауалнамалардың, жүргізілген әлеуметтік мониторингтердің нәтижелерін сараптап отырады.

Университетте СМЖ шеңберінде БББ сапасын бағалау рәсімдері айқындалды және құжатталды. БББ сапасын бағалау: білім беру мақсаттары, ББ құрылымы мен мазмұны, оқу-әдістемелік материалдар, ақпараттық қамтамасыз ету, профессорлық-оқытушылық құрам, ПОҚ мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі, ресурстық қамтамасыз ету, түлектердің қорытынды құзыреттерін қалыптастыруға жұмыс берушілердің қатысуы арқылы айқындалады.

БББ әзірлеу және сапасын қамтамасыз ету Білім беру бағдарламаларының менеджмент орталығына жүктелген (ары қарай – БББМО). БББМО «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы» ережеге сай жұмыс істейді. Аталған ережеде білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітудің нысаны, құрылымы, тәртібі айқындалған.

Филология факультетінің сапа бойынша комитет құрамы да басқалардың қатарында ЖОО-ның басшылығымен бекітілген. Филология факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комитеттің қызметін үйлестіру мен біріздендіру, сонымен қатар туындаған мәселелерді академиялық комитетте талқылай отырып, қажетті басқарушылық шешімдер қабылдау оқу орны әкімшілігімен жүзеге асырылады.

Академиялық адалдықты ұстану аккредиттеу нысанындағы білім беру үдерісінің негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. ЖОО Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірлестігі болып табылатын «Академиялық адалдық лигасында» болуды мақсатты санайды (*2022 жылдың сәуірінен құрамында*). Сондықтан оқу орнының барлық нормалық-құқықтық құжаттарына академиялық адалдық талаптары қызыл желі болып тартылған.

ЖОО-ның Академиялық адалдық ережесі мен Әдеп кодексінде академиялық адалдықты бұзудың негізгі түрлері жазылып, тәртіптік жазаны қолдану түрлері мен оның тәртібі бекітілген.

Білім алушылардың орындайтын жазба жұмыстарының бірегейлігін анықтау мақсатында мәтіндер «Антиплагиат. Қазақстан. ЖОО» жүйесінен өткізіледі. Университетте ««Антиплагиат. Қазақстан. ЖОО» жүйесін пайдалану туралы» ереже мен «Пайдаланушы нұсқаулығы» әзірленген. Білім алушылар мен ПОҚ-тың академиялық жазу түрлерінің плагиатқа қарсы жүйеден өткізілетіндігін материалдық-техникалық базамен танысу барысында және сараптамалық жұмыстарды жүргізу кезінде көзіміз жетті.

2019 жылдан бастап ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім беру бағдарламаларының және мемлекеттік жоғары білім берудің (бакалавриат) жаңа классификаторына сәйкес кафедра 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлайды.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ білім беруді сапалы жақсартуға, кәсіби және педагогикалық дағдыларды дамытуға, тіл мен әдебиетті бағалау және талдау саласындағы құзыреттерді игеруге бағытталған. 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша оқыту мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта БББ-да екі-ақ курс бар. Білім беру бағдарламасының екі курсының контингентін 89 студент құрайды. Оның ішінде: 35 студент 1-курста, 54 студент 4-курста оқиды. Ағымдағы оқу жылында БББ-да оқып жатқан шетелдік білімалушы жоқ. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында белгілі себептерге (*ҚР БЖҒМ шешімі*) байланысты БББ-ға контингент қабылдау жүргізілмеген.

Есепті кезеңге жататын уақыт аралығында 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша білім беру үдерісіне 2 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты, 2 PhD, 7 аға оқытушы, 2 магистр оқытушысы тартылған. Кадр саясатын іске асыру табыстылығының негізгі көрсеткіштері ПОҚ сапалық деңгейін жақсарту болып табылады. Бұл бағытта университет мақсатты жұмысты жүзеге асырады, бұған ПОҚ-тың тұрақты сапалы өсуі дәлел.

Айталық, соңғы уақытта 3 доцент, 1 аға оқытушы, 2 философия докторы, 1 магистр жұмысқа қабылданған.

7M02310-«Филология» БББ бойынша магистранттарды даярлауды Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы 2012 оқу жылынан бастап мерзімсіз лицензия негізінде жүргізеді.

7M02310-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми – педагогикалық даярлық-2 жыл; бейіндік даярлықта-1 және 1,5 жыл.

Кафедрада 7M02310-«Филология» білім беру бағдарламасын 2 ғылым докторы, 2 PhD докторы, 5 ғылым кандидаты жүзеге асырады. ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті-100%.

7M02310-«Филология» білім беру бағдарламасының контингентін 23 білімалушы құрайды.

Студенттермен, магистранттармен, профессорлық-оқытушылық құраммен және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен сұхбат барысында олардың барлығы 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» және 7M02310-«Филология» білім беру бағдарламаларының модульдік кешенімен жеткілікті деңгейде танысқандығы анықталды. Білім алушылар БББ-лар шеңберіндегі құзыреттілік талаптарын және бітіруші моделін толық біледі.

Жылма-жыл білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат пен магистратура дайындау кезінде еңбек нарығының қажеттілігін есепке алу мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіліп отырады.

Университетте білім берушілер мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік» төзімсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бірқатар тетіктер жұмыстар істейді. Атап айтқанда, университетте қызметкерлер мен білім алушылардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыс істейді (*жетекшісі Г.С.Дулатова*). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және тікелей Директорлар кеңесіне бағынады, есеп береді. Университет жергілікті сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен және «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесімен тығыз байланысты жұмыс істейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тоқсан сайын қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға (*Антикор*) жібереді. Сонымен қатар ол Әдеп жөніндегі кеңестің де жұмысын үйлестіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, «Әдеп» кодексін және академиялық адалдық қағидаларын бұзу бойынша қызметкерлер мен білімалушылар әдеп жөніндегі уәкілетті тұлғаға (*бас корпус, 240 кб.*) немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет офицерлеріне (*бас корпус, 121 кб.*) тікелей жүгіне алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінде сыбайлас жемқорлық, академиялық адалдықты, әдеп нормаларын бұзу, заңсыз сыйақы

алу фактілері бойынша жүгіну үшін сенім телефоны тұрақты негізде жұмыс істейді. Көрнекі жерлерде сенім телефонының нөмірі орналастырылған. Сонымен қатар, ректордың блогы, сенім жәшігі құрылған. Сондай-ақ, білімалушылар мен қызметкерлер төмендегі мессенджерлер арқылы да хабарласа алады:

- Whats app (8-705-285-83-22),
- Facebook(<https://www.facebook.com/profile.php?id=100043856091527>),
- Instagram(https://www.instagram.com/парасат_баскармасы/).

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Платонус автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды, бұл бағалауды бақылаудың барынша ашық болуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Сыртқы сарапшылар ЖОО-ның жеткілікті материалдық-техникалық базасының, мамандандырылған зертханалар мен орталықтардың, кабинеттердің, ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дамытудың жоғары деңгейінің, кафедраның іс-тәжірибе базаларының болуы, практик қызметкерлерді оқытуға тарту, ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттердің болуы, академиялық ұтқырлық бағдарламаларының ұдайы жүзеге асуы университеттің білім берудегі сапа мен адалдық саясатын қамтамасыз етуге толық кепіл болады деп санайды.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің тиімділігінің көрсеткіші ретінде университет беделінің артқандығының айғағын түрлі рейтинг жүйелеріндегі иеленген орындардан байқауға болады.

Мәселен, Әуезов университеті жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінде 661 позиция, Еуропа және Азия елдері университеттері рейтингінде 96 позицияны, Азия елдері университеттері рейтингінде 144 позицияны, QS тұрақтылығы рейтингінде 981-1000 позицияны, «Modern Languages» заманауи тілдер рейтингінде 301-340 позицияны, халықаралық рейтингте 739 позицияны, Subject Ranking 2024 рейтингінде химия ғылымдары бойынша ТОП 151-200, математика бойынша ТОП 151-200, инженерия және технология бойынша ТОП 151-200, биология ғылымдары бойынша ТОП 201-250, «Атамекен» Ұлттық палатасының рейтингінде 3 БББ - ТОП-1, 6 БББ - ТОП-2, 2 БББ - ТОП-3, 40 БББ - ТОП-10 позицияларды иеленеді.

Білім беру бағдарламаларының бірінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

2-СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер және талдау:

Оқу орнында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді, олардың нормаларын сақтауды реттейтін белгіленген және қолданыстағы нормативтік құжаттар бар. Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту Академиялық саясат пен Білім беру бағдарламасын дайындау және жаңарту ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады. БББ бағытының коды мен атауы реестрге сәйкес. БББ модульдік кешенінің мазмұны мен құрылымы Балон үдерісі мен ҚР ЖБЖҒМ талаптарына сай.

Оқу орнында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен жаңартуды біріздендіру үшін «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы» ереже жасалған.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын іске асыру университеттің миссиясына, көзқарасына, мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ мақсаттары мен міндеттері еңбек нарығында кәсіби құндылықтары бар, тиімді педагогикалық қызмет жүргізуге қабілетті, білікті және сұранысқа ие қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлауға бағытталған.

7M02310-«Филология» БББ мақсаттары мен міндеттері білім алушының өмір бойы жеке және кәсіби қасиеттерін дамытуды қамтамасыз ететін әмбебап, пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған, оның ішінде филология саласындағы зерттеу қызметі, бұқаралық коммуникация саласындағы коммуникативті-шығармашылық, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту саласындағы білім беру, білім берудің мүмкіндіктері мен даралануының теңдігін қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ әзірлеу жөніндегі жобалау тобының құрамына Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ПОҚ қатарынан бірнеше жетекші оқытушы, 3 жұмыс беруші-кеңесші (*А. Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясының директоры Ж. П. Сәрсенбаева, №80 ІТ лицей-мектебінің директоры Б. К. Әбдішүкірова, Шымкент қалалық Тілдерді оқыту әдістемелік орталығының директоры К. Жанысбаева*) және соңғы курстың білімалушылары қатарынан 1 адам (*А.Жарылқасын ФИ-20-1к1 тобының студенті*) кіреді.

7M02310-«Филология» БББ әзірлеуге Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қызметкерлерінен басқа, Орталық Азия Инновациялық университетінің бірінші проректоры, т.ғ. к., профессор Ажидинов Ақмалдин Сапардинович және магистрант Нұрмағамбетова Нұрсауле Абзалқызы қатысқан.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның жұмыс оқу жоспарына жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша есепті кезеңде «Қазіргі қазақ әдебиеті теориясындағы жаңалық», «Қазақ лексикографиясын қалыптастыру

және дамыту», «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы», «Қазақ жазуының тарихы» секілді пәндер қосылған. Жаңа оқу жылындағы БББ-ға «Қоғамдық сананың өзекті мәселелері және модернизациясы», «Қаржылық сауаттылық негіздері», «Мәтіннің лингвистикалық сараптамасы» секілді жаңа пәндерді енгізу көзделген.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ модульдік кешені төмендегілерді қамтиды:

- білім беру бағдарламасының паспорты;

- құзыреттілік профилі;

- жалпы білім беру бағдарламасы бойынша құзыреттер мен қалыптастырылатын оқу нәтижелерінің арақатынасы матрицасы;

- пәндердің сипаттамасы;

- білім беру процесін ұйымдастыру;

- білім беру бағдарламасының технологиялық картасы;

- оқу нәтижелерін бағалау критерийлері;

- ОЖҰ.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ модульдік кешенінде қолданыстағы стандарттарға негізделген және Дублин дескрипторларымен, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлерімен үйлестірілген, жұмыс берушілердің ұсынымдарына сәйкес келтірілген, студенттердің пікірін, еңбек нарығының сұранысын, университеттің миссиясын ескере отырып, болашақ маманның құзыреттілік моделі жасалған, оқыту нәтижелерін анықталған. Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие. Бұл БББ дамыту жоспарының шараларына сәйкес келеді (*6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2024 жылдарға арналған дамыту жоспары, 2024 жылдың 8 қаңтарында бекітілген*). Бұл ретте БББ-ны дамытудың жол картасы жасалып, бірқатар ауқымды шаралар жоспарланған. БББ-ны дамыту жоспары тек оқу бағдарламасының оқу жоспарын жаңартуды ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар БББ түлегі моделі, құзыреттелігі, пән мазмұны мәселелерін де ескере отырып құрастырылған. Мысалы, 2024-2025 оқу жылына арналған 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның «Қазақ әдебиеті оқытудың әдістемесі» пәнінің мазмұнына 2024 жылғы 14 ақпандағы ҚР Оқу-ағарту мен ҒжЖБ министрліктерінің «Сапалы білімнен сапалы адами капиталға» атты кеңейтілген алқа мәжілісінің негізінде түзету енгізілген.

Болашақ маманның құзыреттілік моделін қалыптастыратын және оқыту нәтижелеріне қол жеткізетін БББ мазмұны құрылымдық элемент ретінде модульге сәйкес әзірленген. Модульдер арасындағы логикалық байланыс ескеріледі және пәндерді кешенді оқыту кезінде оқу материалдарының қосарланбауы қамтамасыз етілген. БББ еңбек сыйымдылығы сақталған. Білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы 240 кредитті құрайды.

Модульдердің көлемі кемінде 5 академиялық кредитті құрайды және екі немесе одан да көп пәндердің немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің (*кәсіптік практика, дипломдық жұмыс немесе диссертация және т.б.*) бір

және одан да көп пәндердің комбинациясынан тұрады, модульдегі пәндер 3,4,5 академиялық кредитті көздейді .

БББ мазмұнында элективті пәндердің үлесі 28%, бұл МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

БББ игерудегі теориялық білімді тәжірибеге ұластырудың міндетті кезеңі - практикадан өту. Кафедрада практиканың барлық түрлері іс-тәжірибені ұйымдастырудың академиялық күнтізбесіне сәйкес уақытылы өткізіледі. Практика түрлері бойынша практиканы ұйымдастыру жөніндегі практика базалары мен университет арасындағы екі жақты және студенттермен арадағы үш жақты шарттар жасалған.

Кәсіптік практика бойынша А. Байтұрсынова атындағы №50 мектеп-гимназиясы, №80 ІТ мектеп-лицейі, Айбек атындағы № 14 жалпы білім беретін орта мектебі, №137 жалпы білім беретін орта мектебі сияқты кәсіпорындар мен ұйымдар базалар болып табылады. Кейбір түлектер кейіннен практика өткен жерге жұмысқа орналасады және бірден көп қиындықсыз жұмысқа кірісуге мүмкіндік алады. Жалпы, іс-тәжірибелік базалардың санынан көбейту бойынша шаралар қолға алынған.

Педагогикалық іс-тәжірибелердің нәтижелері бойынша студенттер есептер тапсырып, кафедра өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды, кейін қорытындылары шығарылып, кафедра отырыстарында тыңдалады (*Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы отырысының 2024 жылғы 28 наурыздағы №9 хаттамасы т.б.*).

Жыл сайын университеттің ПОҚ үшін оқу-әдістемелік орталық оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер өтеді, онда БББ ерекшелігін ескере отырып, заманауи білім беру технологиялары талқыланады.

Білім беру бағдарламаларының оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі оқу-әдістемелік қамтамасыз ету карталарында көрсетілген. 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ студенттері ПОӘК, кітап қорымен, электронды оқулықтармен және т. б. материалдармен толық көлемде қамтамасыз етілген. (<http://lib.ukgu.kz>, ukgu.mbook.kz). Кітапхана қоры жыл сайын кафедралардың өтінімдері бойынша жаңа кітаптар сатып алу есебінен толықтырылып отырады.

Кафедраның барлық пәндері бойынша электронды және қағаз тасымалдағыштардағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендері әзірленген, онда курсты оқу үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдар ұсынылған. Силлабустар білім алушыға қажетті барлық құрылымдық бөлімдерді қамтиды. Студенттерге толыққанды пәнді игеруге қатысты мәліметтер мен ақпараттарды бере алады. Сонымен қатар силлабустарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдауды қамтамасыз етудің тәсілдері қарастырылған.

Білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып құрылған білім беру траекториялары таңдалған БББ шеңберінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Элективті пәндер каталогында білім алушылар

эдвайзердің әдістемелік және консультативтік көмегі арқылы өз таңдауын жасайды. Білім алушылар оны «Platonus» ААЖ-да онлайн-тіркеу режимінде таңдап, жүзеге асырады.

Оң тәжірибе: М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың 6В01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына «Мәтіннің лингвистикалық сараптамасы» пәнінің енгізілуі филолог мамандарға сот-сараптамалық жұмыстарды жүргізудегі икем-дағдысын қалыптастырып, қосымша білік береді.

Білім беру бағдарламаларының екінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

3 - СТАНДАРТ. «СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ»

Дәлелдемелер және талдау:

Білім алушылардың оқу жүктемесі оның жеке бас қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының барлық компоненттері мен элементтерін студенттің жеке оқу жоспарларында толық көрсету арқылы жасалады. Пәнге жазылу студенттердің таңдау еркіндігін сақтайды. ЖОЖ-ны құруды студент эдвайзерлердің көмегімен БББ және ЭПК негізінде жеке өзі жүзеге асырады. Студент логин-пароль арқылы авторизация жасай отырып, SMART ақпараттық жүйесіндегі парақшасында өзінің ЖОЖ таңдайды және қалыптастырады. Эдвайзерлер өз қызметінде «Оқу-ұйымдастыру үдерістерін басқару» процедурасын басшылыққа алады.

Оқу жетістіктері апта сайын бағаланады, бағалау саясаты мен рәсімдері силлабустарда көрсетілген. Қорытынды аттестациялау нәтижелерін білім алушылар апелляцияға бере алады.

Жалпы, ЖОО-дағы оқу үдерісіне студентке бағдарланған оқыту әдістерін енгізу төмендегі мәселелердің шешімін берген:

- әр пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалауға арналған академиялық кредиттер жүйесі;

- білім алушылардың ЖОЖ-ны қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективті пәндер каталогына енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі құрылады.

Университет үшін пәндерге тіркелу кезінде төмендегілер қамтамасыз етіледі: білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі; оқу процесіне білім алушылардың білім беру траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлердің қызметін пайдалану; білім алушылардың білім беру траекториясын таңдауына ықпал ету; дуалды оқыту; оқытудың интерактивті әдістері қолданылады; БББ-ны игеру кезінде студенттердің өзіндік

жұмысына басымдық беру; оқу үдерісін ұйымдастыруда және университет үшін БББ қалыптастыруда факультет пен кафедралардың академиялық еркіндігі қамтамасыз ету; оқу процесі қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету; оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану; нәтижелерді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану.

Білім алушылардың әдістемелік инновацияларға қанағаттануы сауалнамалар негізінде айқындалады. Инновациялық әдістер мен оқыту құралдарының қолданыстағы базасын жетілдіру жолдары кафедра отырыстарында және факультеттің академиялық комитетінің отырыстарында үздіксіз қарастырылып отырады.

БББ бойынша қашықтықтан білім беру қарастырылған. Ол ҚОТ бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру ережелері талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Университетте ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастыру материалдары білім беру порталының ақпарат парақтары арқылы жүзеге асырылады. Білім беру порталында әрбір пән бойынша оқу-әдістемелік кешен, цифрлық контент және силлабустар жүктелген.

Пәнді оқытуға енгізілген практикалық сабақтар дәрісте жинақталған түрде алынған білімді тереңдетуге, кеңейтуге, нақтылауға; қазіргі заманғы әдістер мен тәсілдерді қолданудың практикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға; оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша әдебиет көздерін зерделеуге және талдауға бағытталған. Оқу жоспарында практикалық сабақтарға маңыз беру байқалады.

Білім беру бағдарламасын жобалаудың негізінде студентке бағдарланған кешен жатыр, ол оқытудың жеке траекториясы, құзыреттер, оқыту нәтижелері, ECTS және т. б. сияқты санаттармен ерекшеленеді.

Академиялық үлгерім талаптарын орындай алмайтын студенттер академиялық қолдау алады. Кафедраның ПОҚ білім алушылардың үлгермеуінің алдын алу шараларын қабылдайды: әр сабақтың тиімділігін арттырады; оқуға деген танымдық қызығушылықты және жағымды себептерді қалыптастырады; студентке жеке көзқарасты қамтамасыз етеді; тапсырмалардың сараланған жүйесін әзірлейді.

Семестр бойы оқытушылар қарыздардың алдын алу мақсатында қосымша кеңестер өткізеді, науқастануы бойынша сабақтарды өткізіп алған жағдайда және тиісті ұйымның құжатымен расталған науқастануы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша белгіленген мерзімде емтихан сессиясын тапсырмаған білім алушылар қосымша сабақтар қабылдайды, сессия белгіленген тәртіппен ұзартылады. Жазғы семестр кезінде қарызын жоймаған және ауысу балын ала алмаған білімгер қайта оқу курсына ақылы негізде қалдырылады. Университет білім алушылардың шағымдарын студенттік ректорат, студенттік кәсіподақ, шығарушы кафедраның эдвайзерлері, деканат, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, ректор деңгейінде қаралады. Шағымдарды және ұсыныстарды қарау ректорға

тікелей пошта, виртуалды қабылдау, ректор мен проректорлардың белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

Университетте студенттердің Ар-намыс кодексін сақтау және оқуға, баға алуға деген адалдыққа «нөлдік төзімділік» қағидасы қалыптасқан.

ЖОО-да емтихан сессиясы Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесіне сәйкес өткізіледі. Емтихандарды қабылдау кемінде екі оқытушының қатысуымен өткізіледі.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті», 7M02310-«Филология» БББ білімалушылары ЖОО-ның №8 оқу ғимаратында білім алады. Ғимараттың жалпы ауданы-9507,3 м².

Оқу корпусындағы аудиториялардың жалпы саны – 98. Оқу корпусында абонементі бар жеке оқу залы, салтанатты іс-шараларды өткізуге арналған акт залы, коворкинг-орталық, асхана, медициналық пункт және спорт залы бар. Барлық дәріс аудиториялары интерактивті тақталармен жабдықталған. Факультетке лингвистикалық кабинет (47,7 м²), аударма шеберлігі кабинеті (48,18 м²) және бір компьютерлік сынып (20 компьютер) бекітілген. Интернет жылдамдығы-1500 Мб/сек, Wi-Fi нүктелерінің саны – 5.

Факультет оқытушылары мен білім алушылары «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының», «Түркология», «Мұхтартану» және «Тарих және этнология» ғылыми орталықтарының қызметкерлерімен филология, лингвистика және мәдениетаралық коммуникация мәселелері бойынша бірлескен зерттеулер жүргізеді.

Оқытушылардың жұмыс тәжірибесінде оқытудың инновациялық әдістері кеңінен қолданыла бастаған. Соңғы үш жылда оқытушылар 207 рөлдік ойындар мен 597 кейс әзірлеген.

6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-да білімалушыларға дуалды оқыту бойынша білім беру жүзеге асады (*М.Әуезов атындағы ОҚУ-да білім берудің дуалды формасын жүзеге асыру бойынша №152 келісімшарт*).

Университеттегі академиялық ұтқырлық ішкі және сыртқы ұтқырлық, жазғы және қысқы мектептер арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта ЖОО-ның жақын және алыс шетелдердің 25 елімен 160-тан астам шарттары мен келісімдері бар. Қазақстанның 56 жоғары оқу орнымен және Германияның, Австрияның, Бельгияның, Испанияның, Италияның, Чехияның, Польшаның, Литваның, Латвияның және басқа да елдердің 49 шетелдік жоғары оқу орындарымен академиялық алмасу туралы келісімдер іске асырылуда.

2021-2022 жылдары ФИ-20-1к1 тобының студенті Жұмахан Назерке Бауыржанқызы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде оқыған.

БББ-да мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытудың жекелеген мәселелері шешімін тапқан. Пән силлабустары инклюзивтік білім беру сұрақтарын қарастырады. Тірек-қимыл аппараттары шектеулі студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыру мақсатында инклюзивті білім беру орталығы жұмыс істейді.

Орталық инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін түрлі оқу құрал-жабдықтармен (*арнайы сканер т.б.*) жарақталған. Университеттің оқу ғимараттары мен жатақханаларына аталған санаттағы білімалушылардың көтеріліп-түсуі үшін арнайы пандустар орнатылған.

ЖОО-да студенттерге әлеуметтік қолдау бар. Қажеттілікке орай түрлі әлеуметтік топ білімалушылары тегін тамақ, жатақханамен қамтамасыз етіліп, оқу ақыларына санаттарына қарай қаржылай жеңілдіктер жасалған.

Ескерту:

1. 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-да білім алушыларды академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде оқытудың сандық деңгейі төмен.

Ұсыным:

1. 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның студенттерінің, ЖОО-ның бұл бағыттағы әлеуетін, жасаған келісімшарттарының көптігін ескергенде, академиялық ұтқырлық бағдарламасының ішкі және сыртқы бағыттары бойынша санын арттырған мақсатты.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі - *елеулі сәйкестік.*

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша 7M02310-«Филология» БББ-ның сәйкестік деңгейі – *толық сәйкестік.*

4-СТАНДАРТ. «СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ»

Дәлелдемелер және талдау:

Жүргізілген сыртқы аудит нәтижесі ЖОО-да студенттерді оқуға қабылдаудың, олардың үлгерімін қадағалаудың, танудың және сертификаттаудың қолданыстағы заңнамалық және нормалық құжаттардың аясында комиссиялық түрде қатаң жүзеге асырылатынын көрсетеді. Атап айтқанда, 6В01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М02310-«Филология» БББ-ға университетке білім алушыларды қабылдау ҚР Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларының және М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Директорлар кеңесінің студенттерді қабылдау ережесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау тәртібі мен критерийлері, БББ тізбесі және оларға қатысты барлық ақпарат университет сайтының «Талапкер» бөлімінде алдын ала орналастырылады. Жыл көлемінде қабылдау комиссиясы жұмыс жасайды. Сонымен қатар талапкерлерге қажетті барлық ақпараттар визуализацияланады және мерзімдік баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланады.

